



«Еркемай» ересек тобының 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық жоспары

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023–2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Арай» балабақшасы

Топ/сынып: «Еркемай» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2023-2024 оқу жылы

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	.Өкшелерде, аяқтың сыртқы жағында, таяз және кең қадаммен, бағанда бір-бірден қадаммен, жүгірумен, секірумен, қол мен аяқтың козғалысын уйлестірумен жүру қабілетін қалыптастыру. Шулықпен жүгіру қабілетін жетілдіру; тізені жоғары көтерумен, бағанда бір- бірден, шеңбер бойымен, жыланмен, шашыраңқы, әртүрлі тапсырмалармен жүгіру, жылдамдықпен және баяу жүгіру. Екі аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға жылжумен, оңға, солға, шеңберге бұрылумен секіру қабілетін жетілдіру; секіру: аяқтар бірге, аяқтар бөлек, бір аяқпен, қысқа арқанмен секіру. Заттардың арасында түзу сызықта, көлденең тақтада, гимнастикалық орындықта, гимнастикалық қабырғаға кезектесіп жоғары-төмен көтерілу қабілетін жетілдіру. Физикалық қасиеттерді дамыту доптарды домалату, заттардың арасына бір-біріне құрсаулар салу, заттарды көлденең нысанаға, 1,5 метр қашықтықтан.Тік нысанаға лақтыру, доптарды бір-біріне төменнен, бастың артынан лақтыру және оларды ұстау.Сызықтар арасында (15 сантиметр қашықтық), сызық бойымен жүру, көлбеу тактаймен жоғары және төмен жүру, еденнен 20-25 сантиметрге кетерілген баспалдақтың рельестері арқылы, колдың әртүрлі позициялары бар басылған доп арқылы ету қабілетін қалыптастыру. Балаларды тазалыққа,ұқыптылыққа, тамақтанар алдында қолдарын жууды қалыптастыру.Қасықты дұрыс ұстауға үйрету.Өз киімдерін шешіп киінуге үйрету.
Сөйлеуді дамыту	Дауысты (а, ә) және кейбір дауыссыз (п-б) дыбыстарды анық айтуға үйрету. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту.Сөздерді, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануға үйрету Суреттерді, заттарды қарастыруда өз ойын айтуға үйрету.
Көркем әдебиет	Балаларға ертегілерді тыңдауға ,кітапқа деген қызығушылықтарын дамыту. Тыңдаған ертегінінің мазмұнын қайталап айтуға баулу. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдауға,олардың мазмұнын түсінуге үйрету. Таным ертегілердің мазмұнын қайталап айтып беру және қысқа өлеңдерді жатқа айтуға үйрету..Сахналық қойлымдарға қатысуға ,қарапайым қойлымдарды ойнауға интонация, ым –ишара қолдануға үйрету.

<p>Қазақ тілі</p>	<p>Балаларды адамдардың арасындағы қарым-қатынастың адамгершілік нормаларымен, әлеуметтік ортадағы жүріс-тұрыс ережелерімен таныстыруды, сыпайылықтың қарапайым дағдыларына тәрбиелеу. Қазақ тілінде сыпайы сөздерді үйрету. Балаларды өз балабақшасы туралы әңгімелей білуге үйрету, сөздік қорларын байыту, тіл мәдениетін жетілдіру, байланыстырып сөйлеуге үйрету.</p> <p>Балалардың бір – біріне деген қамқорлық, сыйластық, әдептілік мінездерін қазақ тілінде айта білуін, мейірімді, кешірімді, ұстамды, көпшіл болуға тәрбиелеу.</p> <p>Балаларды ойыншықтарды топтауға үйрету, ойлау, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру, білімдерін жетілдіру, қазақша сөйлеуге дағдыландыру.</p> <p>1) қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауды, сондай-ақ осы сөздерді дұрыс айтуды және еске сақтауды; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету;</p> <p>2) сөйлеу тілін және артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p>Сөздік қор:</p> <p>1) қоршаған ортада жиі қолданылатын сөздер туралы білімді кеңейту;</p> <p>2) таныс сөздерді күнделікті өмірде қолдануды үйрету.</p> <p>Сөйлеудің грамматикалық құрылымы:</p> <p>1) 2-3 сөзден тұратын қарапайым сөйлемдерді түсінуді және сөз тіркестерін құруды үйрету;</p> <p>2) сөйлеуде зат есімдердің жекеше және көпше түрін қолдану дағдысын қалыптастыру</p> <p>Сұрақтарға қарапайым сөйлемдермен жауап беруді үйрету.</p> <p>Қысқа шығармаларды тыңдауды, түсінуді, тақпақтар оқуды үйрету.</p>
<p>Математика негіздері</p>	<p>«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп) сұрақтарына жауап беруге үйрету. Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік аласа) салыстыруды үйрету.</p> <p>Балаларды геометриялық фигуралармен: дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Өзінің дене мүшелерін бағдарлауды үйрету. Таңертең кешке тәулік бөліктерін бағдарлауды үйрету.</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (ойыншықтар), дөңгелек пішінді (шарлар) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеуді, сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қазақ ою өрнектерінің элементтерін салуға үйрету. «Құс қанаты» оюын орналастыру. Қажетті түс шығару үшін бояуларды араластыра білуге үйрету. Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға және қауіпсіздікті сақтауға үйрету.</p>

Мүсіндеу	Ермексизден мүсіндеуге қызығушылыққа баулу.Ермексиз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату тәсілдерін пайдалана отырып, кейбір заттарды мүсіндеуге үйрету.(ойыншықтар). Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеуге және композицияларды мүсіндеу. Кескішті дұрыс қолдануға,оның көмегімен жасалған заттарды безендіруге ынталандыру.Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Дайын мүсінді дөңгелек пішінді ою элементтерімен безендіру.
Жапсыру	Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып,тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.Желімдеудің техникасын үйрету.
Құрастыру	Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.Құрастыру дағдыларын дамыту. Құрлыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, оларды орнына қою барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Қағазды ортасынан бүктеп, шиыршықтап «оригами» желісінде қарапайым пішіндер құрастыруға үйреу.Қазақ халқының табиғый материалдардан жасалған бұйымдарымен ертұрман, кигіз үйдің жабдықтарын таныстырып қандай материалдан жасалғанын зерттеу.Балаларды ұқыптылыққа , қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету.
Музыка	Музыканың тыңдау мәдениетін дамыту. (басқа жаққа назар аудармай ,аяғына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезіне білуге.Тыңдаған музыкадан алған әсерін жеткізе білуге үйрету.Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету. Би қимылдарына деген қызығушылықтарын арттыру,Марш сипатын ырғақты жүру арқылы жеткізу.Қимыл қозғалыспен ептілікті үйлестіре (бірінші октаваның «ре-си» шегінде) ән айту қабілетін, әуенді анық айтуға үйрету.Би қимылдарын көңілді әуенмен қабылдауға үйрету,музыкалық кіріспені ажырата білуге үйрету. Қызығушылықтарын ояту.Би қимылдарын,ойын музыкалық әрекеттерін орындау.Марш сипатын ырғақты орындау.
Қоршаған ортамен таныстыру	Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету.Заттарды ажыратып атай білуге үйрету. Заттардың қасиеттемен қолданылу туралы түсініктерін кеңейту.Адамдардың еңбектері үшін алғыс айтуға және құрмет көрсете білуге тәрбиелеу Көлік құралдарын танып атай білуге үйрету. Көлік түрлерінің қолданысын әуе,су, жерде жүретін көліктерді ажырата білуге үйрету. Балаларды еңбек етуге және берілген тапсырмаларға жауапкершілікпен қарауға үйрету. Топта кезекшілердің міндетін өз бетінше орындауға үйрету. Ата-анасының мамандықтарымен таныстыру..Ауыл шаруашылығының қызметкерлерінің еңбегі туралы білімдерін толықтыру .Балаларды өзара көмек беруге ренжіген балаға жанашырлық танытуға, ойын ашық айта білуге,құрдастарынан кешірім сурай білуге үйрету. Қазақстан республикасына деген сүйіспеншілік мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекеге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (ту,елтанба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу. Республикадағы қалалардың атауы мен мен астана қаласы туралы білімдерін толықтыру. Көлік түрлері мен жол бөліктері (тротуар, жолдың жүрубөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты

	<p>жолдары ,велесипедке арналған жол) туралы білімдерін толықтыру.</p> <p>Қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру. Бейтаныс адамдармен қарым қатынас жасамауға үйрету.</p> <p>Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын кеңейту (жел ,жаңбыр , тұман, қар) .эксперимент барысында табиғат құбылыстарын бақылау.</p> <p>Өсімдіктер оларға күтім жасау. (жерді қопсыту, суару) туралы түсініктерін дамыту. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерін кеңейту. (Жемістер, көгіністер)</p> <p>Төрт түлік және оның төлдері туралы түсініктерін кеңейту.Жануарлар әлемінде маусымға байланысты өзгерістерді бақылау. Жәндіктер туралы (қоңыз көбелек) білімдерін толықтыру.Балаларда мінез құлық мәдениеті мен қарапайым дағдыларды қалыптастыру. Амандасу ,қоштасудың қажеттілігі туралы айту. Балаларға өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгерту.(Электр құралдарымен ойнамау, өз бектінше от жақпау).</p>
--	--

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023– 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Арай» балабақшасы

Топ/сынып: «Еркемай» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы 2023-2024 оқу жылы

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Табанмен , таяз және кең қадаммен, бағанда бір-бірден, жүгірумен, секірумен, бағыт пен қарқынның өзгеруімен жүру қабілетін қалыптастыру.</p> <p>Жүгіру қабілетін жетілдіру; таяз және кең қадаммен, бағанда бір-бірден, шеңбер бойымен, жылдамдықты жеделдету және баяулатумен, жүргізушіні ауыстырумен, орташа жылдамдықпен жүрумен кезектесіп жүгіру.</p> <p>Екі аяқпен, 4-5 сызық арқылы, 20-25 сантиметр биіктіктен, орнынан ұзындыққа секіру, қысқа арқанмен секіру қабілетін жетілдіру.</p> <p>Төрт аяғымен қашықтыққа түзу сызықпен, гимнастикалық орындықпен, гимнастикалық қабырғаға кезектесіп жоғары-төмен көтерілу қабілетін жетілдіру.</p> <p>Физикалық қасиеттерін дамыту, доптарды домалату, заттарды бір-біріне айналдыру, доптарды екі қолмен және бір қолмен бастың артынан кедергілер арқылы лақтыру (2 метр қашықтықта); допты жоғары кетеру, оны екі қолмен ұстап алу (қатарынан 3-4 рет).</p> <p>Сызықтар арасында, тақтада, гимнастикалық орындықта, бөренеде, сызықта жүру қабілетін қалыптастыру.</p>

	<p>Бағанға бір-бірден, қатарда, шеңберге салу қабілетін қалыптастыру; екіден, үштен сілтемелерге қайта құру, бағдарлар бойынша теңестіру; оңға, солға, шеңберге бұрылу; ашу және жабу..</p> <p>Салауаты өмір салты туралы ұғымды кеңейту. «Денсаулық – зор байлық» сөзінің мәнін түсіндіру. Дене белсендігі мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті қалыптастыру. Құлап қалғанда өзіне қарапайым көмек көрсетуге ,ересектердің көмегіне жүгінуге баулу.</p> <p>Балаларды тазалыққа,ұқыптылыққа тәрбиелеу. Тамақтанар алдында дәретхаанаға барғаннан кейін ,ластанған қолды өз бетінше сабынмен жууға , тізін тазартуға үйрету.Қасықты дұрыс ұстауға үйрету.Өз киімдерін шешіп киінуге үйрету. Өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру.Дымқыл шүберкекпен сүртінуді, тамақтанған соң ауызды шаю.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Дауысты (а, ә) және кейбір дауыссыз (т-д) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. Ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (көкөніс пен жемістердің) белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.Зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану.</p> <p>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құруға дағдыландыру.</p>
Көркем әдебиет	<p>Әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Тыңдаған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, санамақтарды жатқа айтуға үйрету. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдауға, сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін қайталап айтуға баулу. Кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, әңгіме құрастыруға мүмкіндік беру.Шешендік сөз өнеріне баулу. Халық ауыз әдебиетінің шығармаларымен таныстыру. Санамақты жатқа айтқызуға үйрету.Қарапайым қойлымдарды ойнауға ,таныс кейіпкерлерді өздігінен сомдауға ынталандыру.Саханалық қойлымдарға қатысуға,ертегілер желісі бойынша қарапайым ертегілерді ойнауға ынталандыру.Образды бейнелеу үшін ым ишаара,қимыл құралдарын қолдануға үйрету.</p>
Қазақ тілі	<p>Балаларды күз келбетін сипаттай білуге үйрету, күз айларын атай білу, сөздік қорларын молайтып, тіл мәдениетін жетілдіру, ойлау, есте сақтау, түсіну қабілеттерін арттыру. Заттардың санын білдіретін сөздер және реттік сан есімдерді айта білуге үйрету.Түстермен таныстыру. Ауа – райы құбылыстарын сипаттауды үйрету.</p> <p>Отбасы туралы әңгімелей білуге ынталандыру, жаңа сөздер енгізіп, сөз тіркестерін дұрыс қолдана білуге жаттықтыру. Балаларды үй жиһаздарын атай білуге үйрету, сөздік қорларын молайту, тілге тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, тіл мәдениетін жетілдіру.</p> <p>Үйдегі қауіпсіздік ережесі туралы білімдерін кеңейту, абай болуға үйрету. Кеңістікті бағдарлау сөздерін айта білуге үйрету.</p> <p>1) қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауды, сондай-ақ, осы сөздерді дұрыс айтуды және еске сақтауды; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету;</p>

	<p>2) сөйлеу және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды дамыту.</p> <p>1) қоршаған ортада жиі қолданылатын тұрмыстық заттар, жемістер, көкөністер, құстар, табиғи құбылыстар туралы білімдерін кеңейту;</p> <p>2) заттардың сын-сипатын, санын, қимылын білдіретін сөздерді айтуды үйрету;</p> <p>3) таныс сөздерді өмірде күнделікті қолдануды үйрету.</p> <p>Сөйлеудің грамматикалық құрылымы:</p> <p>1) 2-3 сөзден тұратын жай сөйлемдерді түсінуді және сөз тіркестерін құрауды үйрету;</p> <p>2) сөйлеуде зат есімнің жекеше және көпше түрін жасау білігін қалыптастыру</p> <p>Шағын шығармаларды, өлеңдерді тыңдауды, түсінуді және мазмұндауды үйрету.</p>
<p>Математика негіздері</p>	<p>Балаларға жиын әртүрлі түстегі, пішіндердегі заттардан тұратындығын түсіндіру. Заттарды жұппен қою арқылы салыстырып тең тең еместігін анықтай білуге үйрету.</p> <p>1 және екі сандарымен таныстыру. 2 дейінгі сандарды тура және кері санау дағдыларын бекіту. Қанша?, Барлығы қанша? сұрақтарына жауап беруге үйрету. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруға үйрету.</p> <p>Шама.</p> <p>Әр түрлі бірдей затты биіктігімен салыстыру. Заттарды жуандығы бойынша салыстыру, салыстыру нәтижесінде ұзын –қысқа сын есімдерін белгілеу.</p> <p>Біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсетуді үйрету. Шаршымен таныстыру. Өзінің дене мүшелерін оң-сол қол аяқ бағыттарын анықтап, ажыратуға үйрету. Таңертең кешке тәулік бөліктерін бағдарлауды үйретуді жалғастыру.</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Дөңгелек пішінді (бұлттар, күн) заттарды бейнелеуде сурет салудың дәстүрден тыс техникасын пайдалануға қызығушылығын дамыту.</p> <p>Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, тұрмыстық заттарға қызығушылықтарын дамыту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын білуге үйрету. Биік ағаш, немесе бұта ағаштан аласа деген сияқты ұғымдарын толықтыру</p> <p>Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. Ұшбұрыш, дөңгелек пішіндегі қазақ оюларының элементтерін құс қанаты, тұмарша, оюларын қағаз бетіне түсіруге үйрету. . 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен алмастыру дағдыларын қалыптастыру. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізуді үйрету.</p> <p>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға және қауіпсіздікті сақтауға үйрету.</p>

Мүсіндеу	Кесектерді алақандарының арасында есу, жаю, ширату тәсілдері арқылы заттарды (жиһаз) мүсіндеу.
Жапсыру	Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыруға үйрету. Текшеден дөңгелек пішін, тіктөртбұрыштың бұрыштарын бүктеу арқылы көкіністерді, гүлдерді қиып алуға үйрету. Дайын жолақтарды көлденеңінен қиюды үйрету. Дайын пішіндерден құстардың пішін қиып қағаз бетіне орналастыру. Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнерімен, сандықпен таныстыру. Ұлттық оюды қолданып тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдылаарын дамыту. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыруға үйрету. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтауға, жұмысты ұқыпты орындауға үйрету.
Құрастыру	Құрлыс бөлшектерін ажырата білу. Құрылыс бөлшектерін кеңістікке орналастыра білу. Дайын құрлыспен ойнауға ынталандыру. Ұжымдық құрастыруға қызықушылықтарын ояту Қағаздан көлемді пішіндер және бөлшектерді өзара желімдеп композиция құрастыруға үйрету. Қазақ халқының табиғый материалдардан жасалған бұйымдарымен әшекей бұйымдар тұрмыстық заттар күбі, меспен таныстырып, табиғи және қалдық заттарды құрастырып қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Балаларды ұқыптылыққа, қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету.
Музыка	Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу. Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Музыкалық ырғақты жүгіру арқылы жеткізу дағдыларын дамыту. Марш сипатын ырғақты жүру арқылы, ал музыканың қозғалмалы сипатын жеңіл, ырғақты қимыл арқылы жеткізу дағдыларын дамыту. Музыкалық кіріспе сөзді ажырата білуге үйрету. Шеңберде би билеуге, музыка әуенімен би билеуге үйрету. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау. Музыкалық аспапта ойнау қабілеттерін жетілдіру. Ағаш қасықпен ойнау қабілеттерін жетілдіру. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.
Қоршаған ортамен таныстыру	Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу. («Отбасы» «Дастархан жаямыз») Заттардың (көкөніс пен жеміс) айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын, сипат сезу, дәмін көру арқылы тануды қалыптастыру. Әртүрлі көлік құралдарымен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін толықтыру. Көлік түрлерін ажырата білу. Жедел жәрдем машинасын білу. Балаларды еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу Берілген тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға үйрету. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету. Нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен ас құралдарын ретімен қоюды үйрету. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру. Нанға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Балаларды қарапайымдылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Жағымсыз қылықтарына кешірім сурауға баулу. Балалар тұратын қала туралы білімдерін қалыптастыру, өзінің туған жеріне, отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.

<p>.Ауылының атауларын және қаламен ауыл өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту. Жол жүру ережелері. Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру.Жол қозғалыс ережелерін сақтауға үйрету.Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын кеңейту (бұршақ ,кемпірқосақ) .эксперимент барысында табиғат құбылыстарын бақылау.Бақылау күн тізбегінде ауа райын белгілеу.(суық, жылы Туған өлкенің кейбір көкөністер мен жемістердің 2-3 түрін тану және атау. Өсімдіктер оларға күтім жасау. (жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсініктерін дамыту.Бақылау ,эксеримент барысында өсімдіктердің тіршілік иелері екендігіне өсу үшін жер ,топырақ, су ,күн ,ылғал , жылу қажеттігін түсіндіру. Жабайы аңдар олардың сыртқы түрі ,қозғалуы, тіршілік ету ортасы ,азығы қысқа беймделуі туралы ұғымдарын бекіту. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көрністерді күзде көбелектердің,қоңыздардың мекендейтінін орнын анықтау. Қоршаған ортада табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтауды үйрету. .Балаларда мінез құлық мәдениеті мен қарапайым дағдыларды қалыптастыру. Аmandасу ,қоштасудың қажеттілігі туралы айту. Балаларға өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгерту.(Электр құралдарымен ойнамау, өз бетінше от жақпау).</p>
--

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023–2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Арай» балабақшасы

Топ/сынып: «Еркемай» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы 2023-2024 оқу жылы

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру. аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру.10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша еңбектеу. Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру Лақтыру, домалату, қағып алу: заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен) Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты)Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. төбешіктен сырғанау;</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Дауысты (а, ә, е) және кейбір дауыссыз (п-б, т-д) дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту. Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (киім, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдануды жетілдіру. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.</p>
Көркем әдебиет	<p>Балаларды көрке сөзге ,өлеңдерді тыңдауға баулу. Тыңдаған қысқа өлеңдерді жатқа айтуға, есте сақтауға , шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға баулу. Кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, әңгіме құрастыруға мүмкіндік беру Халық ауыз әдебиетінің шығармаларымен таныстыру. Жаңылтпаш айтуға, жұмбақ шешуге үйрету .Қарапайым қойлымдарды ойнауға ,таныс кейіпкерлерді өздігінен сомдауға ынталандыру.</p>
Қазақ тілі	<p>Балаларды күз келбетін сипаттай білуге үйрету, күз айларын атай білу, сөздік қорларын молайтып, тіл мәдениетін жетілдіру, ойлау, есте сақтау, түсіну қабілеттерін арттыру. Заттардың санын білдіретін сөздер және реттік сан есімдерді айта білуге үйрету.Түстермен таныстыру. Ауа – райы құбылыстарын сипаттауды үйрету. Отбасы туралы әңгімелей білуге ынталандыру, жаңа сөздер енгізіп, сөз тіркестерін дұрыс қолдана білуге жаттықтыру. Балаларды үй жиһаздарын атай білуге үйрету, сөздік қорларын молайту, тілге тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, тіл мәдениетін жетілдіру. Үйдегі қауіпсіздік ережесі туралы білімдерін кеңейту, абай болуға үйрету. Кеңістікті бағдарлау сөздерін айта білуге үйрету 1) қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауды, сондай-ақ, осы сөздерді дұрыс айтуды және еске сақтауды; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету; 2) сөйлеу және артикуляциялық аппаратты, тыныс</p>

	<p>алуды дамыту.</p> <p>1) қоршаған ортада жиі қолданылатын тұрмыстық заттар, жемістер, көкөністер, құстар, табиғи құбылыстар туралы білімдерін кеңейту;</p> <p>2) заттардың сын-сипатын, санын, қимылын білдіретін сөздерді айтуды үйрету;</p> <p>3) таныс сөздерді өмірде күнделікті қолдануды үйрету.</p> <p>1) 2-3 сөзден тұратын жай сөйлемдерді түсінуді және сөз тіркестерін құрауды үйрету;</p> <p>2) сөйлеуде зат есімнің жекеше және көпше түрін жасау білігін қалыптастыру.</p> <p>Шағын шығармаларды, өлеңдерді тыңдауды, түсінуді және мазмұндауды үйрету.</p>
Математика негіздері	<p>Заттардың ұзындығымен биіктігін салыстыру. 3 санымен таныстыру. Ол қанша болды?. Қанша тұрады?, Қайсысы? деген сұрақтарға жауап беруге үйрету. Сандарды ретімен санауды. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастауын қалыптастыру. Қаншасы қалды деген сұрақтарға жауап беруді үйрету. Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыруды үйретуді жалғастыру. Дөңгелекпен таныстыру, көру тәсілдерімен аталған фигураны зерттеу.. Жоғары – төмен қозғалуды үйрету. Заттарды өзіне қатысты сөздермен белгілеу. (менің алдымда үстел) Тәулік бөліктерін дұрыс атауға үйрету. (тәңертең, күндіз, кеш, түн) Олардың реттілігімен ерекшеліктері туралы ұғымдарын толықтыру. (Бүгін, кеше, ертең)</p>
Сурет салу	<p>Заттардың пішінін анықтауға, көлемін анықтап оларды орналастыра білуге үйрету. (гүл бұтадан аласа) Қазақ оюларының элементтерін қағаз бетіне орналастыруды үйрету. (Қошқар мүйіз). Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға үйрету. 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен алмастыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға және қауіпсіздікті сақтауға үйрету.</p>
Мүсіндеу	<p>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеп, оларды орналастырып, пропорцияларын сақтап, бөліктерді біріктіруге үйрету. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру.</p> <p>Дайын мүсіндерді сопақша пішіндегі қазақ оюларымен безендіру.</p>
Жапсыру	<p>Жапсыруға деген қызығушылықтарын қиялын дамыту. Тіктөртбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алу. Көгіністерді қиюға үйрету. Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнерімен, кебежемен таныстыру. Ұжымдық сюжетті композицияны жапсыруға үйрету. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтауға, жұмысты ұқыпты орындауға үйрету.</p>
Құрастыру	<p>Құрлыс жобасын бірлесіп ойластыруға, өз ара міндеттерін бөлісуге үйрету. Құрылыс бөлшектерін кеңістікке орналастыра білу. Дайын құрлысты талдауға баулу. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықтарын ояту.</p> <p>Қағаздан көлемді пішіндер және бөлшектерді өзара желімдеп композиция құрастыруға үйрету. Қазақ халқының</p>

	<p>табиғый материалдардан жасалған бұйымдарымен әшекей бұйымдар тұрмыстық заттар келі, тостағанмен таныстырып, табиғи және қалдық заттарды құрастырып қандай материалдан жасалғанын зерттеу (мақта , жүн, жіп) Табиғи материалдан әр түрлі композиция жасауға үйрету..Балаларды ұқыптылыққа , қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету.</p>
Музыка	<p>Музыка тындау мәдениетін қалыптастыру. Өзіне таныс шығармаларды танып білуге. Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету. Балаларға ән жаттату қабілеттерін қалыптастыру.Әуеннің сипатын жеткізе білуге,әнді анық айтуға үйрету. Музыканың қозғалмалы сипатын жеткізе отырып, ырғақты жүгіру, қос аяқпен еркін жеңіл секіру қимылдарын музыкамен сәйкестендіру.Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету.Музыкалық кіріспені ажырата білуге,кіріспеден кейінгі қимылдарды бастауға, Би қимылдарының атын есте сақтауға үйрету.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Мектеп туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру. (Мен мектепке барамын, мектеп қызық болады) .Жақын туыстарын білуге ,олардың есімдерін атауға үйрету.. Жақын маңайындағы заттарды ажыратып ,атай білуін жетілдіру. Қоршаған орта заттары ,олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін қалыптастыру. Әртүрлі көлік құралдарымен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін толықтыру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу. Көлік түрлерін ажырата білу .Өрт сөндіру машинасын білу. Балаларды еңбек етуге деген оң көзқарасын қалыптастыру. Топта және ойын алаңын жинастыруға көмектесуге баулу. Ата-анасының мамандықтарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Адамдардың еңбектері үшін алғыс айтуға және құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.Балаларды айналасындағы болып жатқан әрекеттерге ,өзінің әділ пікірін білдіруге баулу. Балаларды қарапайымдылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Жағымсыз қылықтарына кешірім сураға баулу. Бас қала Астана туралы ұғымдарын қалыптастыру. Ауылының атауларын және қаламен ауыл өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту.Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Сюжеттік рөлдік ойындар барысында жол қозғалыстары туралы ережелері туралы білімдерін бекіту.Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру.Жол қозғалыс ережелерін сақтауға үйрету. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын кеңейту. (боран) .Эксперимент барысында табиғат құбылыстарын бақылау.Бақылау күн тізбегінде ауа райын белгілеу.(күн шуақты,қар) Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райынның әртүрлі болатындығы туралы түсінік беру. Өсімдіктерге күтім жасау түсініктерін қалыптастыру. Бақылау ,эксеримент барысында өсімдіктердің тіршілік иелері екендігіне өсу үшін жер ,топырақ, су ,күн ,ылғал , жылу қажеттігін түсіндіру. Өсімдіктердің даму кезеңдері туралы түсініктерін қалыптастыру.(тұқым,көшет). Ағаштардың, өсімдік бөліктерін тануға үйрету. Бөлме өсімдіктері және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, табиғатқа деген қамқорлықтарын қалыптастыру. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көрністерді күзде құстардың көбеюі , олардың сайрауын</p>

тіршілік ету жағдайларына байланысты мекендейтінін орнын анықтау. Қоршаған ортада табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау. Балаларда мінез құлық мәдениеті мен қарапайым дағдыларды қалыптастыру. Амандасу, қоштасудың қажеттілігі туралы айту. Балаларға өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгерту. (сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023–2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Арай» балабақшасы

Топ/сынып: «Еркемай» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы 2023-2024 оқу жылы

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап жүгіру; түрлі тапсырмаларды орындай отырып : шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру. Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүгіру. 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу. Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру Лақтыру, домалату, қағып алу: заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; Кеудеге арналған жаттығулар. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты).</p>

	<p>Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.</p> <p>Қимылды ойындарға қызығушылықтарын дамыту.Таныс ойындарды ұйымдастыруға дербестік танытуға баулу. Балаларға адамның дене және сезім мүшелері,олардың ағзадағы рөлі және дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.Салауатты өмір салты туралы түсінік беру.Балаларды ұқыптылыққа ,тазалыққа,өзінің сырты келбетіне қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтану әдебін сақтау.Өзіне өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру.Киімдерді жинау,ілу т.б. Шынықтырудың барлық түрлерін жүргізу.Дымқыл шүберекпен аяқтарын , сүртінуге.Жалпақ табандылықтың алдын алу үшін түрлі жолдармен , жылы шөптің үстімен ,құмның үстімен жүру.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Дауысты (о) және дауыссыз (к-қ) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту. Сөздік қорды заттарды жалпы (ыдыс, Отан) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Етістіктерді келер және өткен шақта қолдануға. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін . Суретті өз бетінше сипаттауға үйрету.</p>
Көркем әдебиет	<p>Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлерді білу,шығарма бойынша сұрақтарға жауап беруге баулу.Шешендік сөз өнеріне баулу.Халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру. Айтыс өнеріне баулу.Саханалық қойлымдарға қатысуға және оларды ойнауға ынталандыру.</p>
Қазақ тілі	<p>Балаларды қыс қызығын тамашалауға, табиғат көрінісін сипаттай білуге, қоршаған айналаны бақылап, әдеби тілде көркемдей білуге, тіл мәдениетіне жаттықтыру. Заттардың санын білдіретін сөздер және реттік сан есімдерді айта білуге үйрету.Ауа – райы құбылыстарын сипаттауды үйретуді жалғастыру.Түстер атауларын еске түсіру. Балалардың сөздік қорларын, рухани қазынасын молайтып, білімдерін жетілдіру. Отансүйгіш сезімдерін қалыптастыру.</p> <p>Балаларға тәуелсіздік туралы түсінік беру, сөздік қорларын байытып, тіл мәдениетін жетілдіру. Түсіну, есте сақтау, жаттап алу қабілеттерін қалыптастыру.</p> <p>Өсімдіктердің адамға тигізетін пайдасы туралы түсінік беру.Негізгі ойды дұрыс жеткізе білуге үйрету.Өсімдіктер әлемімен таныстыру.</p> <p>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, табиғат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету.Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған</p>

	сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығына жырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріненеге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.
Математика негіздері	«Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру. Заттарды жұппен және түстеріне қарай салыстыру. 4 санымен таныстыру. 4 Ке дейінгі сандарды тура және кері санауды үйрет. Бірдей заттарды салыстыру, кең-тар, бірдей шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу. Үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыруды жалғастыру. Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, Қарама-қарсы тәулік бөліктерін: күндіз-түнде бағдарлауды үйретуді жалғастыру. Тәулік бөліктерін дұрыс атауға үйрету. (тәңертең, күндіз, кеш, түн) Олардың реттілігімен ерекшеліктері туралы ұғымдарын толықтыру. (Бүгін, кеше, ертең)
Сурет салу	Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйретуді жалғастыру, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер қолдануды үйрету. Қазақ оюларының элементтерін қағаз бетіне түсіру. Дөңгелек, үшбұрыш пішіндегі «Қой ізі», «Құс тұмсық». Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға үйрету. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға және қауіпсіздікті сақтауға үйрету.
Мүсіндеу	Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар) Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеп, бөліктерді біріктіруге үйрету. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру. Дайын мүсіндерді шаршы пішіндегі қазақ оюларымен безендіру.
Жапсыру	Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыруға үйретуді жалғастыру, қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру, заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту.
Құрастыру	Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік. Қағаздан құрастыруға үйрету. Бөлшектерді өз ара желімдеп, композиция құрастыру. Қазақ халқының табиғый материалдардан жасалған бұйымдарымен әшекей бұйымдар, тұрмыстық заттар ожау, астауменмен танысту. Табиғи және қалдық заттарды құрастырып қандай материалдан жасалғанын зерттеу (асық, қағаз). Табиғи

	материалдан әр түрлі композиция жасауға үйрету..Балаларды ұқыптылыққа , қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету.
Музыка	<p>Жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдау. Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу.</p> <p>Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып жүрелеп отыру дағдысын дамыту.</p> <p>Музыканың би сипатын қабылдау қабілетін дамыту. Жеңіл,ырғақты қозғалу, би қимылдарын жұппен орындау .</p> <p>Қазақтың би өнерімен таныстыру.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Өзінің атын , тегін,жасын ,жынысын атай білуге үйрету.Отбасы туралы ,отбасындағы ересек адамдардың еңбектері туралы білімдерін жетілдіру.Жақын туыстарын танып,атай білуге үйрету.</p> <p>Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы және тағы басқа) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу.Адамдардың еңбектері үшін алғыс айтуға және құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.Өртүрлі көлік құралдарымен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін толықтыру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.</p> <p>Еңбекке баулу.</p> <p>Балаларды еңбек етуге деген оң көзқарасын қалыптастыру. Топта және ойын алаңын жинастыруға көмектесуге баулу. Кезекшілік міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету.Тәрелкелер мен майлықтарды ,ас құралдарын ретімен қоюды үйрету. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалатынын түсіндіріп,оған ұқыпты қарауға баулу.Нанға азық түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Адмгершілікке бір біріне өз ара көмек беруге, ренжіген балаға жанашыршылық танытуға ,келісіп ойнауға, ойыншықтарды бөлісуге баулу. Балаларды айналасындағы болып жатқан әрекеттерге ,өзінің әділ пікірін білдіруге баулу. Балаларды қарапайымдылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Жағымсыз қылықтарына кешірім сураға баул</p> <p>Отанына деген сүйіспеншіліктерін мақтаныш сезімдерін ояту. Отан қорғаушылар , әскер туралы ұғымдарын кеңейту.Ауылының атауларын және қаламен ауыл өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту.</p> <p>Бағдаршам түстеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру. Жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету.Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру.Ойын және ойын жабдықтарын пайдалану.</p> <p>.Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын кеңейту. Бақылау күнтізбегінде ауа райын белгілеу(суық , жел) соған сәйкес киінуді түсіндіру. Эксперимент барысында табиғат құбылыстарын бақылау.Бақылау күн тізбегінде ауа райын белгілеу.(күн шуақты,қар) Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райынның әртүрлі болатындығы туралы түсінік беру.Өсімдіктерге күтім жасау (жерді қопсыту, суару , жапырақтардың шаңын сүрту) .Бақылау ,эксеримент барысында өсімдіктердің тіршілік иелері екендігіне өсу үшін жер ,топырақ, су ,күн ,ылғал , жылу қажеттігін</p>

	<p>түсіндіру. Өсімдіктердің даму кезеңдері туралы түсініктерін қалыптастыру.(сабақ, жапырақ). Бөлме өсімдіктері және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, табиғатқа деген қамқорлықтарын қалыптастыру.Жануарлар туралы білімдерін толықтыру.</p> <p>Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көрністерді қыста құстарды қоректенуінің қажеттілігі , олардың сайрауын , ұя көбейюін салыстыру. Жәндіктер туралы (қоңыз ,көбелек) қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту. Қоғамдық орындарда мінез құлық ережелер туралы түсініктеріін кеңейту. Қоршаған ортада табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау.Өсімдіктерге күтім жасау. Амандасу ,қоштасудың қажеттілігі туралы айту. Балаларға өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгерту.(баспалдаққа көтерілгенде және таяныштан ұстау).</p>
--	--

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023– 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Арай» балабақшасы

Топ/сынып: «Еркемай» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы 2023-2024 оқу жылы

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.</p> <p>Жүгіру 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру, орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру</p> <ul style="list-style-type: none"> - балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру; - дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру; - негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру; - дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; - әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу;

	<p>- ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау. Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру; аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру, 20–25 сантиметр биіктіктен секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр), қысқа секіргішпен секіру. Төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.</p> <p>Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. Қимылды ойындарға қызығушылықтарын дамыту. Доптармен, құрсаулармен секіргіштермен балалардың белсенділігін дамыту. Салауатты өмір салты туралы ұғымды қалыптастыру. Балаларды ұқыптылыққа, тазадыққа, өзінің сырт келбетіне қадағалауды әдетке айналдыру. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнап, асхана құралдарын дұрыс қолдануды қалыптастыру. Шынықтырудың барлық түрлерін және дымқыл шүберкепен сүртуін, әр бір тамақтан соң ауызды шаюды әдетке айналдыру.</p>
Қазақ тілі	<p>Балалардың қыс қызығы туралы сөздік қорын зат есімдермен, етістіктермен, сын есімдермен, жұрнақтар мен жалғаулармен байыту, ана тіліне тән барлық дыбыстарды айта білуге, нақты артикуляциясын, интонациялық мәнерлігін қалыптастыру. біліктерін, қоршаған орта туралы түсініктерін, әңгімелерді бірізділікпен, табиғатты аялап, әсемдікті көріп, сезінуге, айнала қоршаған ортаға сүйіспеншілікпен, қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Балаларды көлік түрлерімен таныстыру, ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттыру, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс атауға жаттықтыру. Түс атауларын еске түсіру. Кеңістікті бағдарлау сөздерімен таныстыруды жалғастыру. Балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттыру, жануарлар әлемімен таныстыру. Жабайы аңдарды сипаттай білуге үйрету, тіл мәдениетін жетілдіру, тіл үйренуге қызығушылығын арттыру. Бұл не? Мынау нелер? сұрағына толық жауап беруге үйрету. Балалардың білімдерін дала құстары атауларымен толықтыра түсу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру. Бұл не? Мынау нелер? сұрағына толық жауап беруге үйрету. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұнын мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Дауысты (а, ә, е) қайталату және кейбір дауыссыз (ж-ш) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Сөздік қорды заттарды жалпы (үй және жабайы жануар) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдануды дағдыландыру.</p>

	<p>Байланыстырып сөйлеу. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі табиғат нысандарын бақылау кезінде ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.</p>
Көркем әдебиет	<p>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.</p> <p>Шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.</p> <p>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, жұмбақ шешу өнеріне баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.</p>
Математика негіздері	<p>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.</p> <p>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.</p> <p>Шама. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.</p> <p>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан- жіңішке сын есімдермен белгілеу. Геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолдану. Заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр) «Бүгін», «кеше», «ертең» «тәңертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
Сурет салу	<p>Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір- біріне арақатынасын беру.</p> <p>Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.</p> <p>Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Қазақ ою элементерін үшбұрыш, сопақша тектес құстұмсық, ботакөз оюларын қағаз бетіне түсіру.</p> <p>Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен</p>

	<p>баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.</p> <p>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p>
Мүсіндеу	<p>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.</p> <p>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.</p> <p>Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану.</p> <p>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>
Жапсыру	<p>Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға; Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру.</p> <p>Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.</p>
Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p>Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойландыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау.</p> <p>Қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>
Музыка	<p>Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.</p> <p>Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.</p> <p>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты</p>

	<p>жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Таным әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Ағаш қасықтармен, асатаяқ, сазсырнайда қарапайым әуендерді ойнау. Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Отбасы және ересек адамдардың жұмысы жайлы білімдерін толықтыру. Отбасындағы жақын адамдар және мерекелер, әдет ғұрыптар туралы дағдыларын жетілдіру. Балалардың өз атын, тегі, жасы, ата анасының аттарын білу, қиын жағдайда өзін ұстау туралы түсініктерін жетілдіру. Көлік түрлерін ажырату. (ауа су, топырақ) Әр түрлі көлік құралдарын басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Балалардың шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау. оларды суару. Құстарды тамақтандыру. Ауыл шаруашылығының еңбегін бағалау. Балаларды үлкенді сыйлауға, кішіге көмек көрсетуге үйрету. Әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға және бірлесіп ойнауға тәрбиелеу.</p> <p>Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Қалалар мен ауыл атауларын олардың тұрмыс ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту. Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Сюжеттік ойын арқылы жол қозғалыс ережелерін бекіту. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпіркосақ, боран) кеңейту.</p> <p>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну. Өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейту. Табиғат бұрышындағы (бақшадағы, бөлме, шабындық) өсімдіктердің күту ұғымдарын толықтыру.</p> <p>Қыстап қалатын және қоныс аударатын құстар туралы түсініктерін кеңейту. Өмір сүру жағдайларына (тамақ, су, жылу, жарық, тұрғылықты жер) бейімделуін анықтау.</p> <p>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау).</p>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023–2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Арай» балабақшасы

Топ/сынып: «Еркемай» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі:ақпан айы 2023-2024 оқу жылы

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға)</p> <p>сапта бір-бірден жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру .10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу;</p> <p>Лақтыру, домалату, қағып алу: заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; Бірғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p> <p>заттарды қашықтыққа лақтыру. Қимылды ойындарға қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>. Салауатты өмір салтын қалыптастыруды үйрету. Тамақтану тәртібімен көгіністермен дәрумендер, жемістер туралы түсініктерін молайту.Тамақтанар алдында дәретханаға барғаннан кейін қолдарын сабындап жууға,тзін тазалауға,қол орамалды дұрыс пайдалана білуді бекіту.Өзіне өзі қызмет ету дағдыларын бекіту.Жалпақ табандылықтан арылу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері құммен жүруіп дене жаттығуларын жасауды қалыптастыру.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру, Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету</p> <p>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен</p>

	<p>толықтыру. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама- қарсы антоним сөздермен байыту. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сынесімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету(отыр, жүр, жүгір). Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.</p>
Көркем әдебиет	<p>Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.</p>
Қазақ тілі	<p>Балаларды мамандық атауларымен таныстыру, сөздік қорларын байыту, тіл мәдениетін жетілдіру, ойлау, дұрыс атау, есте сақтау қабілеттерін арттыру, тіл үйренуге қызығушылығын арттыру. Балаларға жыл мезгілдеріне байланысты киім, аяқ-киім атауларын үйрету. Тәрбиеленушілерді үй жануарлары мен оның төлдерінің атауларын атауға үйрету. Бұл не? Мынау нелер? сұрағына толық жауап беруге үйретуді жалғастыру. Үй құстары мен оның балапандарының атауларын үйрету. Неліктен үй құстары деп аталатынын түсіндіру. Бұл не? Мынау нелер? сұрағына толық жауап беруге үйренуді жалғастыру. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және</p>

	<p>қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p>
<p>Математика негіздері</p>	<p>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «қанша болды?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру. Геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрет, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Қазақ оюларының элементтерін қағаз бетіне түсіру. Шаршы, үшбұрыш тектес құс мұрын, тарақ оюларын сызып бояу.</p>

	<p>Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p>
Мүсіндеу	<p>Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тәнерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>
Жапсыру	<p>Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескерту. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз Қ бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.</p>
Құрастыру	<p>. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау.</p> <p>Қағаздан құрастыру. Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше тандап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>
Музыка	<p>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері</p>

	<p>туралы әңгімелеу үйрету.(жоғары дыбыстарды ажырату жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. Музыканың жеңіл ,ырғақты би қимылдарын жұппен ойнауға үйрету. Биде ойнақы қимылдарды билеу әрекеттерін қолдану.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Металлофон да қарапайым әуенді ойнауға үйрету. Ересек адамның әртүрлі музыкалық және шулы аспаптарда ойнағанын тыңдату.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру. Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.</p> <p>Қозғалыс құралдарын еске отырып ,көлік құралдарын танып атай білу дағдыларын қалыптастыру. Топты және ойын аландарын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауға баулу. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау. Ауыл шаруашылық қызметкерлерінің еңбегін бағалауға үйрету.</p> <p>Балаларды адамгершілікке, өз ара бір біріне көмек көрсетуге баулу. Қарапайымдылыққа ,мейрімділікке тәрбиелеу.</p> <p>Қазақстан республикасының елордасы Астана қаласы туралы түсініктерін дамыту. Отанымыз – Қазақстан республикасына деген сүйіспеншілігі туралы сезімдерін ояту.</p> <p>Жолда жүру ережелері мен көлік түрлерін ,бағдаршам туралы білімдерін толықтыру. Өз өмірінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру. Бейтаныс адамдармен қарым қатынас жасамауды ,өзін өзі дұрыс ұстауды үйрету.</p> <p>Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпіркосақ, боран) кеңейту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), ойын, еңбек, эксперимент</p>

	<p>барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау. Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау.</p> <p>Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.</p> <p>Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы, қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шикылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау.</p>
--	---

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023–2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Арай» балабақшасы

Топ/сынып: «Еркемай» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз айы 2023-2024 оқу жылы

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.</p> <p>Тепе-теңдікті сақтау: қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу; қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру;</p>

	<p>Еңбектеу, өрмелеу: табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу. Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру;</p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын ұстау. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Шаңғымен жүру: шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p> <p>Қимылды ойындар Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.</p> <p>«Денсаулық-зор байлық» сөзінің мәнін түсіну өзінің жасаған іс әрекетінің ағзаға әсерін, тіс тазалаудың пайдасымен суық тимеудің алдын алуға болатындығын түсіндіру. Жаттығу мен шынықтыру, спорт жаттығуларының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Балаларды ұқыптылыққа тазалыққа баулу. Өзіне өзі қызмет көрсету дағдыларын бекіту. Киімді жинау, ілу, ересектердің көмегімен тазалау. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау.</p>
<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Дауысты (о, ұ) және кейбір дауыссыз (ж-ш) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорын дамыту.</p> <p>.Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу</p> <p>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір)</p> <p>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналау.</p>

Көркем әдебиет	Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.
Қазақ тілі	<p>Шуақты көктем келбетін сипаттай білуге үйрету, көктем айларын атай білу, сөздік қорларын молайтып, тіл мәдениетін жетілдіру, ойлау, есте сақтау, түсіну қабілеттерін арттыру. Заттардың санын білдіретін сөздер және реттік сан есімдерді айта білу. Ауа – райы құбылыстарын сипаттау. Балаларды табиғат ерекшелігін түсініп, тани білуге үйрету, түсінік беру, сөздік қорларын байытып, тіл мәдениетін жетілдіру.</p> <p>Балалармен аналар мерекесі туралы әңгімелесу. Бұл кім? Бұл не? Қайда? сұрағына толық жауап беруді үйрету. Балалардың аналарына, отбасына деген қамқорлық, сыйластық, әдептілік мінездерін қазақ тілінде айта білуді үйрету. Наурыз мерекесі туралы білімдерін арттыру. Ұлттық тағамдармен таныстыру, «қандай?» сұрағына жауап беруді үйрету. Азық – түлік атауларын еске түсіру.</p> <p>Балаларға ұлттық салт-дәстүрді саналарына сақтауды, бесік жырын тыңдап, айтуға, халық өлеңдерінің ырғағы мен ұйқасын білуге үйрету. Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету.</p> <p>Өз ойын жай сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу.</p>
Математика негіздері	<p>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.</p> <p>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «бұл қанша болды?, Қанша тұрады, » сұрағына жауап беруге үйрету. Заттарды өлшем бойынша салыстыру. Салыстыру нәтижесін сөздермен белгілеу. Үлкен, орта, кіші т.б</p> <p>Балаларды геометриялық цилиндрді танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең)</p> <p>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда</p>

	<p>үстел, сол жағымда орындық тұр).Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» « тәңертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
Сурет салу	<p>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір- біріне арақатынасын беру. Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Қазақ ою элементтерін қағаз бетіне түсіруді жалғастыру . Сопақша, үшбұрыш пішіндес оюларды салу. Ирек су,қой ізі</p> <p>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау. Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу</p>
Мүсіндеу	<p>Әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру.Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау</p>
Жапсыру	<p>Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылыққабілетті, қиялды дамыту.Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану. Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету.Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту.</p> <p>Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.</p>

<p>Құрастыру</p>	<p>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойданқұрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p> <p>Қағаздан құрастыру. Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.</p>
<p>Музыка</p>	<p>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Мюзиканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Мюзиканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау. Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаньш сезімін білдіру.</p> <p>.Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. Телефонның, компьютердің, теледидардың мақсаты туралы түсініктерін қалыптастыру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.</p> <p>Еңбекке баулу. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. Топта кезекшілік міндеттерін өз бетінше дұрыс орындауды, бөлме өсімдіктеріне күтім жасауды қалыптастыру.</p>

	<p>Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу. Жолда жүру ережелері туралы түсініктерін қалыптастыру. Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру. Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы, қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау. Қоршаған ортада табиғаттың қарапайым ережелерін сақтау. Қарапайым тәртіп ережелерін білу.</p>
--	--

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023–2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Арай» балабақшасы

Топ/сынып: «Еркемай» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы 2023-2024 оқу жылы

<p>Ұйымдастырылған іс әрекет</p>	<p>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</p>
<p>Дене шынықтыру</p>	<p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру.</p> <p>Тепе-теңдікті сақтау: қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан аттап өту.</p> <p>1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; құрсаудан</p>

	<p>еңбектеп өту;20–25 сантиметр биіктіктен секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр) Лақтыру, домалату, қағып алу: ; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан);</p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.Оңға, солға бұрылу, орнында айналу;</p> <p>Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p> <p>.Аяққа арналған жаттығулар.Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып,отыру. Тізені бұгу, алға созу, қайтадан бұгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру.</p> <p>Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру.Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.</p> <p>актық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p> <p>Қимылды ойындар Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерінсаналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.</p> <p>Салауатты өмір салты туралы ұғымды қалыптастыру. Балаларды ұқыптылыққа ,тазадыққа,өзінің сырт келбетіне қадағалауды әдетке айналдыру. Тамақтану әдебін сақтау.Тамақты асықпай шайнап,асхана құралдарын дұрыс қолдануды қалыптастыру.Шынықтырудың барлық түрлерін және дымқыл шүберкепен сүртіну,әр біртамақтан соң ауызды шаюды әдетке айналдыру.</p>
<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Дауысты (ұ) және кейбір дауыссыз (с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту</p> <p>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.</p> <p>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.</p>

<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.</p> <p>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. Мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру</p>
<p>Қазақ тілі</p>	<p>Балаларды табиғат ерекшелігін түсініп, тани білуге үйрету. Көктем мезгіліндегі еңбек туралы айтып, түсіндіру. Іс-қимылды білдіретін сөздерді, кеңістікті бағдарлау сөздерін қолдана отырып әңгімелесу.</p> <p>Балаларды жәндіктермен таныстырып, олардың атауларын дұрыс айта білуге үйрету, олардың мекен ету ортасы туралы мағлұмат беру.</p> <p>Балалардың гүлдер, ағаштар туралы білімдерін кеңейту, табиғатты аялауға тәрбилеу, еңбекке баулу, дала гүлдерімен бөлме гүлдерінің айырмашылығын түсіндіру.</p> <p>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету.</p> <p>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p>
<p>Математика негіздері</p>	<p>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру.</p> <p>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.</p> <p>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан- жіңішке</p>

	<p>сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру.</p> <p>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу.</p> <p>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).</p> <p>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту,</p>
Сурет салу	<p>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. Заттардың пішіні туралы білімдерін бекіту. Дөңгелек, сопақша, шаршы тектес ою элементтерін қағаз бетіне түсіру. Бота мойын, Ботакөз, су элементтерін салу.</p> <p>Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.</p> <p>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p>
Мүсіндеу	<p>Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>
Жапсыру	<p>Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету. Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану. Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.</p>
Құрастыру	<p>Құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Қағаздан құрастыру. Қағаздан құрастыруға үйрету:</p>

	<p>қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.</p>
<p>Музыка</p>	<p>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу.</p> <p>.Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу .Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Асатаяқ, сазсырнайда қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</p> <p>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойыменен айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы өз бетінше әңгімелеуге үйрету.</p> <p>.Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.</p> <p>.Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау.Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру.Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.Ауыл және қала өмірінің ерекшеліктеріне сүйіспеншіліктерін ояту.</p> <p>Жола жүру ережелерін қалыптастыру.Көлік түрлерімен жол бөліктері туралы білімдерін толықтыру.Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету.</p> <p>Табиға құбылыстары туралы ұғымдарын (жел,тұман, боран,) кеңейту.Ауар райы климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау.</p> <p>Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының</p>

	<p>маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>Төрт түлік және оның төлдері туралы ұғымдарын қалыптастыру. Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы, қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шикылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау.</p>
--	--

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023– 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Арай» балабақшасы

Топ/сынып: «Еркемай» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы 2023-2024 оқу жылы

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту. орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу: құрсаудан еңбектеп өту; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту. қысқа секіргішпен секіру.</p> <p>Лақтыру, домалату, қағып алу: допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет).</p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. араларын алшақ ұстау және жақын тұру.</p> <p>Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.</p> <p>Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату.</p> <p>Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру.</p> <p>Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру.</p> <p>Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру. Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.</p> <p>Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p> <p>Спорттық жаттығулар екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.</p> <p>Қимылды ойындар Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда</p>

	<p>физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Дене белсендігі мен жаттығулардың пайдасы туралы ұғымдарын кеңейту. Ұқыптылыққа, тазалыққа өзінің сырт келбетіне қадағалауды әдетке айналдыру. Тамақтану әдебін сақтау. Өзіне өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуып, үстелді сүрту. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.</p> <p>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.</p> <p>Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.</p> <p>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.</p>
Көркем әдебиет	<p>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. Мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан</p>
	<p>құрастыруға баулу.</p> <p>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру.</p>
Қазақ тілі	<p>Балаларға еліміздің алға дамып, өркендеуі үшін ынтымақтастықтың қажеттілігі туралы түсінік беру. Бір-бірімен тату болуға, мейірімді болуға үйретуді жалғастыру. Азық-түлікке қатысты сөздерді еске түсіру.</p> <p>Балаларды Қазақстан елінің әскерлерімен таныстыру, мақтаныш сезімдерін арттыру.</p> <p>Балаларды табиғаттың әдемі көрінісін сезе білуге, сипаттап айта білуге үйрету, білімдерін жетілдіру. Түстер</p>

	<p>атауларын еске түсіру.</p> <p>Жаз мезгілін сипаттай білуге үйрету, жаз айларын атай білу. Заттардың санын білдіретін сөздер және реттік сан есімдерді айта білу. Ауа – райы құбылыстарын сипаттау.</p> <p>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс- әрекетіне өз ойын білдіруге баулу.</p> <p>Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.</p>
<p>Математика негіздері</p>	<p>Заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.</p> <p>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруді пысықтау</p> <p>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.</p> <p>Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан- жіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру.</p> <p>Балаларды геометриялық фигураларды мен денелер туралы ұғымдарын бекіту. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір- біріне арақатынасын беру. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету. Қазақ ою элементтері үшбұрыш, шаршы тектес оюларды қағаз бетіне түсіру (.Қызғалдақ, құстұмсық) Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.</p> <p>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға,</p>

	қауіпсіздікті сақтауға баулу.
Мүсіндеу	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тәнерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу .Жыл бойына үйренген мүсіндеу тәсілдерін қолдануды жалғастыру бекіту.Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау
Жапсыру	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылыққа білетті, қиялды дамыту.Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу кейін қисық жолақтарды қиюды үйрету.Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану.Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету.Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.
Құрастыру	Құрлыс материалдарымен ойнауды жалғастыру.Дайын құрлыспен түрлі ойындар ойнауды жалғастыру. Қағаздан құрастыру.Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру..
Музыка	Жоғарғы дыбыстарды ажырату қабілеттерін дамыту.Қазақ халқының аспабы домбыра дыбыстарын қабылдау және аспап үнін тануға үйрету..Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру. Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Музыкалық-ырғақты қимылдар.Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру дағдыларын бекіту.Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Билер. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойыменен айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.

<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру. Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.</p> <p>Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. Топта кезекшілік міндетін өз бетінше дұрыс атқаруға, ас құраладарын ретімен қоюды қалыптастыру. Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.</p> <p>.Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту.</p> <p>Жол жүру ережелерін саналы түрде есте сақтауға үйрету. Сюжеттік рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райынның түрліше болуы туралы түсініктерін кеңейту. Бақылау күн тізбегінде ауа райын белгілеу және соған сәйкес киіну.</p> <p>Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Бөлме өсімдіктері мен табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы, қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шикылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау.</p>
-----------------------------------	--